



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ақпан айында Қазақстанның 15 өңірінде инфляция қарқын алды

Астана қ.

2025 жыл, 18 наурыз

Ақпанда елде жылдық инфляция жеделдеп, **9,4%** болды (қаңтарда – 8,9%). Жылдық инфляция 15 өңірде жеделдеді, 3 өңірде баяулап, 2 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында тіркелді.

Ақпанда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 6,5%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 5,8%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ақмола облысында (8,9%) барынша жоғары, ал Түркістан облысында (4,5%) мейілінше төмен қарқынмен өсті.

Ақпанда **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны 8,7%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 8,4%). Ең жоғары мән Түркістан облысында (14,1%), ең төменгі мән Павлодар облысында (5,8%) тіркелді.

Ақпанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 14,1%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 13,8%). Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысында (19,2%) баға жалпы республикалық деңгейден жоғары, Түркістан облысында (8,4%) айтарлықтай төмен өсті.

Ақпанда **айлық инфляция** ел көлемінде 1,5%-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz